

8. Абай шығармашылығы туралы 1920-1930 жылдардағы пікірталас // ҚР БҒМ, ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. Алматы, 2006. № 2. Бб. 62-66.

ӘОЖ 1751

ЗАМАНАУИ ӘДЕБИ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИ СЫН

Матаева Асыл Қамчыбекқызы

asyl_mataeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ D058 - Әдебиеттану БББ докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор С.Б.Жұмағұл

Еліміз егемендік алған уақыттан бастап ғылымның басқа салалары сияқты қазақ әдебиеттануы да қазіргі заман талаптары тұрғысынан өткені мен бүгінін, өз бағыт-бағдарын қайта пайымдап, баға беруде. Осы бағыттағы ізденістер: көркем әдебиеттің қазіргі эстетикалық сипатын, қазақ әдебиеттану тарихының басты дәуірлерін, яғни оның туу, қалыптасу кезеңдерін түбегейлі зерттеу, әдеби сынның, әдебиет теориясының ғылыми-әдіснамалық мәселелерін ғылыми саралау маңызды қадамдар болып табылады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев: «Тәуелсіздік бізге бұрын соңды көрмеген орасан зор мүмкіншіліктер берді. Біздің санамызды, зейін-зердемізді, жанарымызды тұмшалап келген бірталай көнерген сарқыншақтардан, теріс пайым-ұғымдардан арыла алмағанымызға да күмән жоқ» деген еді [1, 43 б.]. Шын мәнінде, тәуелсіздік туын көтергелі сөз өнері саласында тың көзқарастар пайда болып, әлемдік деңгейдегі әдебиетпен тереземізді теңестіруге бет бұрдық. Заманауи қазақ әдеби сыны да соны өзгерістермен жаңғырып, мақсат-міндеттері және қызметі ұлттық мүдде тұрғысынан айқындалды және құнды зерттеулермен толысты. Әдеби сынның ғылыми әлеуетін анықтаған, оның теориялық сипатын, ерекше белгілері турасында елеулі еңбектер жасалғаны белгілі.

Қазақ әдеби сынының тууы, қалыптасуы, жүйеленуі, тарихы қазақ әдебиетінің көрнекті ғалымдары М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаевтар және т.б. есімдерімен тығыз байланысты. Сонымен қатар кейінгі толқын З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, Ш.Елеуқенов, З.Серікқалиев, Ә.Кекілбаев, Т.Тоқбергенов, Д.Ысқақов, Ж.Дәдебаев, Б.Кәрібаева, С.Әшімбаев, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымұлы, Т.Шапай, т.б. ғалымдардың сын мәселелеріне қатысты еңбектері маңызды болып табылады. Сонымен қатар қазіргі заманауи әдеби дамудың өзіндік ерекшеліктерін зерделеудегі Т.Әсемқұлов, Ә.Бөпежанова, Ә.Қодар, А.Кеңшілікұлы, Ә.Әліәкбар, Д.Амантай, Ұ.Еркінбай, А.Нұрғазы, Ә.Жақулаев т.б. сын мақалаларының маңызы зор.

Қазіргі әдеби сын ұлттық әдебиеттің дамуына және оның эстетикалық, көркемдік-идеялық міндеттерін бағамдауға, әдебиетіміздің келешегін, бағыт-бағдарын белгілеуде зор үлес қосуда. Қазіргі қазақ әдебиеті көркем туындылардың эстетикалық қызметі, шығармашылық әдістер мен стильдердің алуан түрлігі және авторлардың шығармашылық даралығымен айқындалып отыр. Әдебиеттегі заманауи үрдістер: постреализм, нео-сентиментализм, модернизм, постмодернизм, структурализм, концептуалдық және т.б. бірқатар әдеби құбылыстардың пайда болуы немесе қайта саралануымен байланысты кодтардың трансформациясы орын алады.

Негізінен реалистік принциптерге сүйенген қазіргі проза әлеуметтік, идеологиялық және эстетикалық тұрғыдан бір сарынды еместігімен сипатталады, бұл оның өзара байланысқан көптеген ағым-бағыттарға бөлінгенін байқатады. Бір кездері қатып қалған қағидадай болған реалистік принцип енді қазіргі қоғамдық-әлеуметтік ахуалдың ықпалымен өзгеріп, күрделеніп,

басқа көркем әдістермен құбылып, модернизм, постмодернизм поэтикасымен өңделіп жаңа қырлармен таныла бастады. Демек, дәстүрлі реализм ығысып, оның дамуының жаңа жолдарын табу, жаңғырту және жаңарту тенденциясы туындады. Реалистік бағыт аясында түрлі көркем жүйелер пайда болды. Сентименталдық реализм, жаңартылған романтикалық және экзистенциалдық реализм шығармалары өз оқырмандарына жол тартты.

Қазіргі қазақ прозасының жаңа сипаты қазақ әдебиетіндегі авторлардың жеке дара қалам қарымымен айқындалды. Прозалық мәтіндер күрделеніп, олардың жанрлық-стильдік ерекшеліктерінің сипаттамасы мәселесін өзектендіре түскендей. Қазақ әдебиетінде постмодернизм бағыты орын ала бастады, бұл құбылысқа тарихи, саяси-әлеуметтік, экономикалық факторлар әсер еткені сөзсіз. Шығармаларға мистикалық, мифологиялық элементтерді енгізу әдеби әдіс дефинициясын жаңаша анықтауды, әдеби стиль ұғымын заңдастыруды, «авторлық даралық» сипаттамасының форматын меңгеруді, бағыт пен ағымдар ұғымдарын нақты ажыратуды қажет етеді.

Постмодернистік эстетика жетекші көркемдік принцип ретінде әлемге деген құндылық көзқарасынан бас тартуды мәлімдейді. Постмодернистік бағыттағы суреткердің негізгі құралы, механизмі болып реминисценциялар ғана емес, мәдени кодтармен алмасуға негізделген интермәтінділік болып табылады.

Постмодернистік әдебиетте соңғы жылдары көркем шығармашылықтың аксеологиялық маңызына бағытталған өзгерістер де байқалады. Постмодернист-жазушылар әдебиеттің рухани мәнін қайтару мақсатында құндылықтардың өз иерархиясын құрастыруға ұмтылыс жасауда. Сонымен қатар қазіргі әдебиетте бір жазушының өзі түрлі көркемдік ағымдардың өкілі ретінде: концептуалшы, реалист әрі метафоршы, т.б. болып танылады.

Жалпы қазақ әдебиетіндегі жаңа үрдістердің, атап айтқанда постмодернизм жайлы көзқарастар бір жақты емес, әрі ол заңды да. Осы орайда, сыншы Ә.Бөпежанованың пікірін келтіруді жөн көрдік: «Бүгінгі таңда негізінен постмодернизм мәдениеті өріс алып келеді. Қазақ әдебиеті үшін классикалық кезең аяқталған жоқ, мүмкін аяқталмауы да - дәстүрлі танымда жазатын жазушы және оны қызыға оқитын оқырман барда бұл әдебиет күн кеше береді. Дей тұрғанда әлемдік мәдениеттің құрамдас бөлігі қазақ өнерінде постмодернизм туралы толымды әңгіме қозғау ертерек шығар, ал модернистік кезең әлдеқашан басталған. Біздің шындық деп жүргеніміздің бәрі іс жүзінде шындық туралы түсінік-танымымыз ғана, оның өзінде де таным иесінің таңдаған көзқарасына тәуелді және ол көзқарас өзгергенде, әлгі түсінік-танымның өзін түбегейлі өзгертетін таным. Сондықтан да әдебиет, мысалы, өмірдің көркем бейнесі емес, өмірді әрқилы тану арқылы екінші, «жасанды» шындықтар жасаудың жолы» [2, 6-8 бб.]. Ал Б. Майтанов өз зерттеулерінде «... постмодернизм қазақ әдебиетіне де жат емес» деген пікір білдіреді [3, 12 б.].

Постмодернизмге тән көркемдік тұтастықтың болмауы, мезгіл-мекеннің белгісіз болуы, кейіпкерлерінің аты-жөндерінің көмескіленіп берілуі, иронияның орын алуы, оқырман санасымен ойын, симулякр, фрагменттілік, автордың өлімі, интертекст, метапроза сынды белгілер қазақ прозасында Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы», А. Жақсылықовтың «Ант ұрғандардың түстері» («Сны окаянның»), Ж. Қорғасбектің «Жаконданың жанары», «Өлмейтін құс», М. Қосынның «Төстіктің қателігі», «Нерд», «Буве нүктесі» Д. Нақыповтың «От орны» («Круг пепла») туындыларынан көрініс тапты. Сөйтіп аталмыш авторлар постмодернистік тәсілдерді ұлттық мәнмәтінмен шебер қиыстырып қолдану арқылы жаңаша эксперименттерге барғанын байқаймыз [4, 10-11 бб.].

«Қазіргі қазақ поэзиясына бұлқыныс, сілкініс керек. Поэзиямызды неғұрлым тезірек модернизациялауымыз керек. Қазақ поэзиясы, әсіресе, жас ақындарымыз әлемдік поэзияға жіті көзбен қарап, ескіні есте сақтауға қалдырып, модернизм жолына түсуі керек, жастар жаңаша жазуға ұмтылуы жөн. Бұл қолдан келмейтін нәрсе емес. Өзімізде бәрі бар. Сол бар нәрсені іске

қосу керек. Поэзиямызды модернизациялағанда есте болатын ең маңызды проблема, жаппай науқаншылыққа жол бермей, өзіміздің ұлттық дәстүрімізді, әсіресе өлеңдегі ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық ұғымымызды, ұлттық философиямызды берік ұстануымыз парыз. Жаңа өлеңдегі жаңа формаға, жаңа өлшемге, жаңа логикаға әр ақын өзінше бірте-бірте көшкені дұрыс болмақ. Өлем елдері поэзияның жаңа бағытына көшіп алса да, біздің қазақ поэзиясы ескі әләулаймен әлі келе жатыр. Біз әлі төрт жолы бір шумақтан тұратын ескі өлең құрылысынан шыға алған жоқпыз», - дейді ғалым Әубәкір Нілібаев [5, 10 б.]. Осы орайда, қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімұлы, Е. Раушан сынды ақындар постмодернистік стиль қалыптастырып, шығармашылық эксперимент жасауға талпынғандарын айтып өткен абзал. Сондай-ақ Ы. Дәбей, А. Елгезек, Е. Жүніс, Ұ. Нұрғалым, М. Райымбекұлы, А. Тасқараұлы сияқты ақындарының шығармашылығы қазақ поэзиясында жаңаша ізденістерімен ерекшеленеді. Аталмыш ақындар туындыларында постмодернистік поэзияға тән транслиризм, психолиризм, абсурд қаһарман, қос жарылуы, өзін-өзі жатсыну, қоғамды жатсыну философиясы, беймекен, бейүміттілік құбылыстар ерекше орын тапқан. Демек, американдық әдебиеттанушы Ихаб Хасан атап айтқан постмодернистік белгісіздік (неопределенность), үзіп алынған сәт (фрагментарность), деконизация, «Менді» жоғалту, ирония, гибридизация, карнавалдылық, т.б. сынды қасиеттер қазақ әдебиетінде қолданыс тауып, өз заманының өзекті мәселелерін көтеруге қызмет ететін құрал ретінде тани аламыз [6, 179 б.]. Ал постмодернизмнің қазақ әдебиетіне қосқан үлесін зерделеу әдебиет сынының еншісінде болмақ.

Әдеби сынның алғашқы қадамдары XVII-XIX ғасырлар шамасында жасала бастады. Осы кезеңде әдебиеттің жаңа өмір сүру формасы – газет-журналдар пайда болды, әртүрлі бағыттағы әдебиетшілер арасында пікірталастар, оқырмандар көбейген еді. Журнал форматымен әдеби сынның рецензия (белгілі бір шығарманы бағалау мақсатында талдау жасау) және мақала (белгілі бір шығарманы немесе белгілі бір автордың шығармашылығын егжей-тегжейлі талдау) сияқты жанрлары байланысты. Әдеби эссемен кеңейтілген дәл осы екі форма кейіннен оқулық пен оқу-құралдарын ресімдеу тәжірибесіне енді. Объективтілік сипатпен айқындалатын бұл формаларда қазіргі күнде де монографиялық және шолу материалдары ұсынылады. Сонымен қатар альманахтар және антологиялардың пайда болуы да әдеби сынға (мазмұнын, танымалдығы мен сұранысқа иелігін анықтайды) негізделген.

Әдеби сын – көркем әдебиеттің өзіндік сана сезімі. Сыншылардың идеялары мен кеңестері әдебиеттің дамуына әсер етеді, ал үлгілі туынды және бағалау критерийлері туралы түсініктер көркем сөзден алынады. Сыншылардың шығармалары көбіне белгілі бір әдеби бағыттар мен ағымдардың көркемдік принциптерін білдіретін әдеби манифест маңыздылығына ие болады.

Қазіргі заман тұрғысынан пайымдайтын болсақ, кеңес дәуіріндегі сынның бағыты және сипаты социалистік идеология мен мүддеге қызмет еткен құбылыс болғаны анық. Өлеуметтік-қоғамдық өзгерістер әдеби сынды декларативті бағалау құрсауынан босатып, әдебиетті шынайы саралауға жол ашты, түрлі сыни пікірлер, дәйекті әрі орынды көзқарастар әдеби сынның ғылым ретінде дамуына өз ықпалын жасады.

Жаңа заманның әдеби сыны – көркем әдебиет және әдебиет туралы ғылымның өзара шектесіп жатқан сөз өнерінің ерекше бөлігі.

Белгілі ғалым Ш.Елеукенов «Сын мен сыншы» еңбегінде қазақ әдеби сынының мәдениеті, ғылымилығы мәселесін өзектендіріп, жеке сала ретінде «Сынтану» атауын ұсынған болатын. «Сынтану негіздері арнайы ғылым ретінде өз алдына жеке отау құруы тиіс» - деген пікір айтып, Сынтану ғылымына келесілерді жатқызады:

–Сынтану негіздері немесе жалпы сынтану. Аталмыш ғылым методологиясы мәселелері қаралады.

–Сынтану теориясы. Ғылым объектісі, пәні, құрылым жүйесін теориялық жағынан негіздеу. Әдеби сын типологиясы принциптерін талдап шешу. Сын туралы ғылымның

әдебиеттану және басқа ғылымдармен байланысын, арақатынасын анықтау.

– Сынтану тарихы. Қазақ сыны тарихы. Сын туралы білім тарихы. Сынның тууы, дамуы, әдіс, формаларының өзгеру жолдары.

– Сынтану поэтикасы. Сын жанлары мен түрлері. Тілі, стилистикасы [7, 54 б.]. Ғалымның сынға қатысты зерттеулері бүгінгі таңда да өз құндылығын жоғалпағанын көреміз. Сын түзелмей мін түзелмейді демекші, ғалымның сынға басты назар аударуы тегін емес.

Әдеби сынның міндеттерінің бірі – шығарма мәнін түсіндіру, пайымдау. Сыншы шығарманы әр қырынан жан-жақты талдайды. Сол талдаулар негізінде әдебиеттің перспективаларын анықтайды, әдебиет қай бағытта, қалай дамиды, қандай жанрлар, тақырыптар, тәсілдер орын алатынын болжайды. Әдебиет сыны өз тұсындағы әдебиет мәселелеріне араласады. Сыншы- күнделікті әдеби құбылыстарды талдаушы, талғаушы адам. Ол - шығарманың көркемдік ерекшеліктерін, формасын талдаушы емес, ең алдымен туындыға негіз болған өмірлік материалды саралаушы, ойшыл, көркемдік, сұлулықты ашушы. Бұл тұрғыдан әдебиет сынының эстетикалық міндеті мен социологиялық мақсаты қатар жүреді. Сыншы-жазушы мен оқырман арасын жалғастыратын көпір, көп нәрсені ажыратып, тиянақтап түсіндіретін әділқазы, арда би. Әрқашанда әдебиет сыны жеке шығармалардың, жеке авторлардың төңірегінде тұйықталып қала алмайды. Ол бір жазушының көлеңкесі емес. Сын пікірлердің артық-кем айтылуы, бір шығармалардың уақытша асыра бағалануы, бір туындылардың қалтарыста қалуы- қайталанатын құбылыс. [8, 46–47 бб.]

Қазіргі сыншыларға көркем мәтінді талдау жолы және оны бағалау құралдарын таңдауда, өз қызметін анықтауда еркіндік берілген. Қазіргі әдеби сын қызығушылық объектілері сияқты алуан түрлі. Қазіргі сыншылардың қызметіндегі бірқатар бағыттарды анықтауға болады:

- дәстүрлі тарихи-әдеби жолы;
- жаңа әдебиеттерге рецензиялар мен шолу;
- сыни эсселер;
- даулы әдеби құбылыстарды өзектендіру бағытындағы сын.

Қазіргі қазақ әдеби сынының тағы бір құрамдас бөлшегі - көркем шығармашылыққа трансформациялануы, яғни бүгінгі сыншылар өз туындыларын дүниеге әкелсе, жазушылар мен ақындар өз кезегінде сыни мақалалар жазуда.

Қазақ әдебиеті қазіргі даму кезеңінде бір-бірімен өзара сабақтастықта, үздіксіз диалогтағы әртүрлі әдеби бағыттар мен ағымдар, шығармашылық даралық және эстетикалық ұстанымдар конгломераты іспеттес деп пайымдай аламыз. Бұл диалогта әдеби сын маңызды интеграциялаушы элемент болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Жүз жылға татитын он жыл. Егемен Қазақстан. – 2001. – №291.
2. Бөпежанова Ә. Қазіргі сын турасында //Алтын Орда. – 2003. – №17.
3. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // Қазақ әдебиеті. – 2004. – №16.
4. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм. 6D021400 Әдебиеттану философия докторы (PhD) атағын алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2017. 136 б.
5. Жас қазақ. – 2010. – №13.
6. Hassan I. Joyse, Bekket, and Postmodern Imagination // TriQuarterly. 1975. №. 34. P. 179-200.
7. Елеуқенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғанис // Ақиқат. – 1998. – № 4.
8. Нұрғали Р. Арқау. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1991. – 252 б.

9. Ильин И.П. Постструктурализм. Деконструктивизм. Постмодернизм. – Москва, 1996. – 251 с.
10. Кәкішев Т.Сын сапары. – Алматы: «Жазушы», 1971. – 274 б.
11. Постмодернисты о посткультуре. Интервью с современными писателями и критиками. – Москва: Интарда, 1998. – 242 с.
12. Ысқақов Д. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: 2012. – 580 б.
13. Исмақова А. Бүгінгі компаративистика: жаһандану – интертекст – мәдениеттер диалогы // Аударма теориясы мен тәжірибесі... (Респ. ғыл. теор. конфер. мат-ы) – Алматы: 2006. – 373 б.

ӘОЖ 1751

ТРАГЕДИЯДАҒЫ ТАРТЫС ТАБИҒАТЫ

Махмутова Гүлсая Ренуарбекқызы

Gylsaya-96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 2- курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Қ.М. Байтанасова

Драматургияның іргелі жанрының бірі трагедияның көркемдік ерекшелігін танытатын ең басты белгі – шарт-шұрт айқасқан, шиеленіскен қызу тартыс, көріністен көрініске көшкен сайын өсіп-өрбіп, күшейіп отыратын сюжет. Әдеби туындыдағы тартыстың мән-мазмұны мен тегі, көркемдік өрнектелуі, байланысуы, күшеюі және шешім табуы аса маңызды. Трагедиядағы тартыс пен образдардың маңызы, салмағы туралы талай орнықты пікірлер айтылған. Трагедияда тартыс пен мінездің байланысы шымыр болуы қажет. Мәнсіз-мақсатсыз әрекет пен қозғалыс, сюжет шашыраңқылығын трагедия жанры көтермейді. Бұл орайда тартыс қана оқиғаны шымыр түйіндей алады. Ұлттық драматургияның теориялық мәселелерін тереңдей зерттеген Р. Нұрғали трагедияның өмірге айрықша жақын екенін айтады да, оның себебі, бұл жанрда, «тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен әрі реалистік тереңдікпен бейнеленгенін».

Автор трагедиялық шығарманың мазмұнын кейіпкердің даралық сипаты, оның қоғамның кереғар тұстарына қарсы келіп, бітпес күреске түсуімен баяндайды. Бұл жанрдың кейіпкерлері, яғни қаһармандар өзі өмір сүрген уақыттың қатыгез адамдарымен, жалғандық үшін күресіп, азаттық жолында опат болатындар. Қаһармандардың жеңіске дейінгі жолы арпалыстан, күрестен, кедергілерден тұрады.

Аристотель «әрекетсіз трагедия болмайды, ал мінездерсіз болады» деген. Бұл ой қатысушы кейіпкерлердің болмауы туралы емес, кейіпкерлердің жеке басына тән ерекшеліктерін көрсетпеуді айтады. Жалпы мұндай пікір оның өзіне дейін айтылған ойларға, яғни трагедияның негізін мінездер құрайды деген көзқарасқа қарсылық ретінде туындағаннан айтылған болуы мүмкін. Трагедияның мәні, Аристотельге сүйенсек, пьесаның нақты көлемін де сипаттайды: әрекет жалғыз болуы керек, яғни басынан аяғына дейін, үздіксіз бір оқиға туралы айту керек және сонымен бірге адамның сана-сезімі бүкіл композицияны толық қамти алатынына бағытталуы тиіс. «Поэтика» ішіндегі ең жұмбақ идеяның бірі катарсис, қорқыныш пен жанашырлық арқылы көрермен жан-дүниесін тазарту идеясы болды. Аристотель трагедия туралы айтқанда – тазару, яғни катарсис мәселесіне көп көңіл бөледі. Аристотель трагедия туралы формуласында: «трагедия көрерменнің қайғыға ортақтасу мен қорқынышын оятады, соның нәтижесінде тазару туындайды» деген. Драматург Аристотельмен негіздей отырып,